



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
02.12.2021 № 11 ге

Тұрақты комиссияның 2021 жылғы 2 желтоқсандағы қаулысы

Құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы жергілікті атқарушы органның ведомстволық бағынысты құрылымдарының қызметіне тексеру жүргізу туралы

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы жергілікті атқарушы органның жұмысы туралы, құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы жергілікті атқарушы органның ведомстволық бағынысты құрылымдарының қызметі туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, жергілікті атқарушы орган жұмысының осы бағыттардағы оң нәтижелеріне қарамастан, шешуді талап ететін бірқатар проблемалық мәселелер бар екенін атап өтеді.

«Нұр-Сұлтан қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) функцияларының бірі салынып жатқан объектілерде олардың құрылысының сапасына, Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы мемлекеттік, сондай-ақ мемлекетаралық нормативтердің сақталуына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыру болып табылады. Басқарма тұрғын үй объектілерінің құрылысын жүзеге асыратын, ведомстволық бағынысты «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС ұйымының құрылтайшысы және басқару органы болып табылады. Тиісінше оған қатысты «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының нормаларына сәйкес үлестес тұлға болып табылады. Мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасының онымен үлестес тұлға салып жатқан объектілерді тексеруді жүзеге асыруы мүдделер қақтығысын, Басқарманың өз өкілеттіктерін тиісінше жүзеге асырмау тәуекелін тудырады, бұл 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 15-бабы 1-тармағының нормаларына қайшы келеді. Бұл дерек Нұр-Сұлтан қаласының тексеру комиссиясының аудиторлық қорытындысында көрсетілді және қалалық мәслихат қолдады.

2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жүзеге асырылған нысандарда қолданылатын құрылыс материалдары мен жөндеу сапасына қала тұрғындарынан көптеген шағымдар түсуде.

Сондай-ақ, бұрын берілген жалдамалы тұрғын үйге мониторинг жүргізу барысында 58 пәтерде үшінші тұлғалардың тұру фактілері анықталды.

Жасыл белдеу аумағында орман екпелерін зиянкестер мен ауруларға қарсы өңдеу кезінде пайдаланылатын пестицидтерді сақтауға арналған қойма жоқ. Сонымен қатар, рұқсат етілмеген түрде мал жаю байқалады, мал жаю салдарынан ағаш түрлерінің көшеттері зақымдалады және бұтақтардың қабығы кеміріледі, бұл ағаш-бұта өсімдіктерінің жойылуына алып келуі мүмкін.

Қалалық зираттардың жұмыс істеу проблемаларының бірі өзекті деректер базасының жоқтығы болып табылады. Халықаралық тәжірибені зерделеп, Нұр-Сұлтан қаласында зираттарды цифрлау жүйесін енгізу ұсынылады, бұл жерлеу орындарын іздеуді жеңілдетуге, қабір үстіндегі құрылыстарды ауыстыруды, жерлеу орындарының көлемін бақылауға, жерлеу орындарын бөлу кезінде кезектілікті сақтауға, қараусыз қалған жерлеу орындарының жай-күйін анықтауға және қадағалауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті атқарушы органның құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы жергілікті атқарушы органның ведомстволық бағынысты құрылымдарының қызметі туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінә:

«Нұр-Сұлтан қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ-дан «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС ведомстволық бағынысты ұйымын басқару жөніндегі мемлекеттік органның функцияларын тұрғын үй құрылысы саласында реттеуші функцияларды жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне беру туралы мәселені қарау;

2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы Жер» бағдарламасы шеңберінде іске асырылған жолдарды, сондай-ақ объектілерді салу, жөндеу және күтіп-ұстау сапасын бақылауды қамтамасыз ету;

жалдамалы тұрғын үй алушылармен шарт жасау кезінде тұрғын үйді үшінші тұлғаларға жалға беретін тұлғаларға қатысты шараларды көздейтін тармақтар енгізу;

халыққа қызмет көрсету деңгейін арттыру жөніндегі барлық қажетті шараларды ескере отырып, қоғамдық көлік пен қалалық таксиді дамыту тұжырымдамасын дайындау;

Жасыл белдеу аумағында орман екпелерін зиянкестер мен ауруларға қарсы өңдеу кезінде пайдаланылатын пестицидтерді сақтауға арналған қойма салу жөніндегі шараларды қарастыру;

ауыл шаруашылығы жануарларын жаю тәртібін айқындау жөніндегі шешімнің жобасын Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатына енгізуді жеделдету;

халықаралық тәжірибені зерделеп, Нұр-Сұлтан қаласында жерлеу орындарын іздеуді жеңілдетуге, қабір үстіндегі құрылыстарды ауыстыруды, жерлеу орындарының көлемін бақылауға, жерлеу орындарын бөлу кезінде кезектілікті сақтауға, қараусыз қалған жерлеу орындарының жай-күйін анықтауға және қадағалауға мүмкіндік беретін зираттарды цифрлау жүйесін енгізу ұсынылады.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

**Нұр-Сұлтан қалалық
мәслихатының құрылыс,
экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



Б. Қотырев